

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі N 303 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы

1-бап. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 5, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; 2006 жылғы 5 ақпанда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 14 ақпанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы Заңы) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1 2 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Агентке өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган шарт негізінде беретін қаражатты басқаруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде (бұдан әрі - Қазақстанның Ұлттық Банкі) ағымдағы шот ашылады.

Уақытша бос қаражат Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттан Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі депозиттерге орналастырылуы мүмкін.

Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттың кіріс бөлігі өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган шарт негізінде беретін бюджет қаражатының және уақытша бос қаражатты депозиттерге орналастырудан түсетін кірістердің есебінен қалыптасады.

Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттың шығыс бөлігі өзіне депозиттерге орналастыру сомаларын, сақтандырушыларға төленетін сақтандыру

төлемінің бір бөлігін өтеуге жұмсалатын шығыстарды және агент қызметтеріне төленетін ақыны қамтиды.

Қаржы жылының аяғында Қазақстанның Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шотта қалған қаражаттың қалдығы өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және тиісінше бюджетке қайтаруға жатпайды.";

3-тармақта "Арнайы" деген сөз "Ағымдағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта "бюджет қаражатынан" деген сөздер алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК